



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

*«Ержан» атындағы Е.Тәтішев Қоры» Қоғамдық Қоры
Қаңтар - Желтоқсан 2012*

Алматы 2012

Есептің құрылымы

1. Кіріспе
2. Мектеп, колледж, балалар үйінің түлектеріне арналған білім гранттар Бағдарламасы және мүгедектігі бар жастарға арналған білім гранттар Бағдарламасы бойынша әрекеттер
 - 2.1. *Іріктеу*
 - 2.2. *Түлектер*
 - 2.3. *Еріктілерік іс-шаралар*
3. Атаулы шәкіртақы бағдарламасы (Кентау қ., №16 мектеп)
4. Қаржылық есеп

1. Кіріспе

«Ержан» атындағы Е.Тәтiшев Қоры» Қоғамдық Қоры жағдайы нашар отбасылардан шыққан балалардың, балалар үйiнiң түлектерiнiң және мүмкiндiгi шектеулі жастардың жоғары сапалы бiлiм алуларына және еңбек нарығында олардың қажеттi мамандықтарды игерулерiне мүмкiндiктердi ұсына отырып, алдыға қойған өз миссиясын жалғастырып келедi. Қазақстанның дарынды және амбициозды жас көшбасшыларының мүмкiндiктерiн кеңейте келе, Қор өз тарапынан болашақта өз iсiнiң майталманы болатын мамандардың әлеуеттерiн дамытуға және бiлiмдi де жауапты, сондай-ақ мықты жеке тұлғалардың саңлақтар тобын қалыптастыруға қомақты ат салысып келедi.

2. Мектеп, колледж, балалар үйiнiң түлектерiне арналған бiлiм гранттар Бағдарламасы және мүгедектiгi бар жастарға арналған бiлiм гранттар Бағдарламасы бойынша әрекеттер

2.1. Iрiктеу


2012 жылғы мектеп, колледж және балалар үйiнiң түлектерiне арналған бiлiм гранттар Бағдарламасы бойынша стипендиаттарды iрiктеу қаңтар және шiлде айларында үш iрiктеу айналым шеңберiнде өткiзiлдi.

Осы жылдың үмiткерлерi Бағдарламаның тағайындалған талаптары бойынша құжаттар тапсырды: жоғары академиялық үлгiрiмдiлiгiн, көшбасшылық әлеуеттерiн және отбасының төменгi табыс көрсеткiшiн көрсеттi. Iрiктеу үш кезеңнен құралды: бiрiншi, сырттай бағалау айналымының нәтижесi бойынша Байқау Комиссиясы екiншi айналымға жолдама алған үмiткерлердiң тiзiмiн бекiттi. Байқаудың бұл кезеңi грантқа үмiткердiң қабiлеттерi мен шынайы мүмкiндiктерiн анықтайтын интерактивтi тренингпен сипатталды: үмiткерлердiң жаңа ақпаратты тез қабылдау және талдау iскерлiктерi, қиын тапсырмалар мен жанжалды жағдаяттарды шешуде тапқырлықтары мен креативтiлiктерi, эмоционалды баланс пен икемдiлiктi сақтай алу iскерлiктерi, өздерiнiң қабiлеттерiн жекелей және топтық тапсырмаларда көрсете бiлулерi, команданы ұйымдастыру және бағыттау iскерлiктерi, жалпы мәдени және ақыл-ой деңгейiнiң жоғары болулары сынға алынды.



83 үміткердің ішінен келесі стипендиаттар грантқа қол жеткізді: Жұмағұлова Жанна (Тараз қ.), Лекеров Мұхтар (Алматы қ.), Үсенов Елдос (Семей қ.), Пирогова Анастасия (Бішкек қ.).

Мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған білім гранттар Бағдарламасы бойынша стипендиаттарды іріктеу кезеңі де дәстүрлі үш кезеңнен өтті, жоғары мотивация мен белсенді өмірлік позициясы бар, жақсы академиялық нәтиже көрсеткен, сондай-ақ отбасылық жағдайлары қиын жастар іріктеуден таңдалынып алынды.



Іріктеу нәтижесі бойынша Жолболдиева Әсия (Алматы облысы Дерберсек ауылы), Бекболатқызы Гүлмайра (Алматы облысы Тұрар ауылы), Жұмабек Жасұлан (Кентау қаласы) гранттың иегерлері атанды.

2.2. Түлектер

Осы жылы Ержан Тәтішев Қорының түлектерін марапаттаудың екінші салтанатты кеші өтті. Халықаралық Бизнес Университетінде, Қазақстан Британдық Техникалық университетінде және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде білім алған бес студенттер Ержан Тәтішев Қорының түлектер қатарын толықтырды. Бірінші және екінші жылғы түлектер өздерінің білімдерін шыңдап, біліктіліктерін және жоғары жауапкершіліктерін көрсетіп, олардың еңбек нарығында болашақтары зор, амбициозды және бәсекеге қабілетті, аса талап етілген жас мамандар қатарына енгендігін айта кеткеніміз жөн. Өзінің жас екендігіне қарамастан, аталмыш Қор өз кезегінде білім гранттарын ұсыну арқылы қаржылай үлестер қосып келе жатқан үкіметтік емес секторда өзінің бірегейлігімен көзге түсіп, экономика, қаржы және банк саласында жаңа жолдар мен ізденістер табуда қырағырлық танытып, нақты болжауға белсене ат салысып келе жатқан жас мамандардың әлеуеттерін дамытуға үлес қосып келеді. Жоғары да аталған іскерлік пен дағдылар олардың әдеттегі үрдістерінде жаңа және креативті идеялардың туындауына ықпал етеді. Бүгінгі күні біздің барлық түлектер Procter&Gamble, Deloitte, KPMG сияқты беделді компанияларда өздерінің кәсіби біліктіліктері мен алған білімдерін іске асырып келеді.

2.3. Еріктілік іс-шаралар

Қор өз стипендиаттарын еріктілікке және әлеуметтік белсенділікке еліктіріп келеді. Жастар өздерінің еріктілік идеялары мен жобаларын алдыға қойып және жүзеге асырып, басқа серіктес ҰЕҰ-н әлеуметтік-

маңызды жобаларға еліктіріп, Қордағы стипендиаттар Клубы мен өздерінің университеттерінің өмірлеріне белсенді қатысып келеді.

2012 жылы жүзеге асырылған еріктілік жобалар түрлі бағытта көрініс тапты. Аталмыш жобалар балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған қарапайым жылы киім-кешектер жинаумен басталса, ірі акциялармен аяқталды. Өздері бастамашы болған жобалардың өткізілу форматтарын стипендиаттар өздері таңдайды. Оның қатарына қысқа мерзімді қайырымдылық акциялары, концерттер, флеш-мобтар, серіктес ұйымдардың тарапынан жүзеге асырылған жобаларға қолдау көрсету, гуманитарлы көмектерді жинастыру, серіктес ҰЕҰ-ға техникалық (on-line) көмектер көрсету сияқты біршама жұмыстар қатары кіреді. Есептік кезеңде 50-ге жуық жобалар іске асырылып, 3077 еріктілік сағаттар қайырымдылыққа жұмсалып, оған 1000-ға жуық адамдар қатысты. Ең жоғары еріктілік сағаттар 387-ні құрап, талап етілген көлемнің 201% пайызына қол жеткізді.

Сондай жобалардың ішінен келесідей жобаларды атап өтсек болады: АҚШ-ғы «Students for liberty» конференциясына қазақстандық делегациялардың сапарларын ұйымдастыру («Институт публичной политики» ҚБ), «Умная игра» теле-жобасына қатысу, SIFE ұлттық жарысын өткізілуіне көмектесу, www.zhizn.kz сайтыን әзірлеу және толтыру.

Біздің стипендиаттар Қайырымдылық Ұйымдар Ассоциациясының, «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдер Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің, «Түлектер» Қоғамдық Қорының, «Преемственность МЦ» қоғамдық бірлестігінің, «Забота» Дағдарыстық Орталығының, «Қайтыс болған құқық қорғау органдарының отбасылары мен мүгедектеріне көмектесу Орталығы» қоғамдық бірлестігінің, «Институт публичной политики» қоғамдық бірлестігінің, Алматы қаласының Ұлттық мұражайының іс-қағаздарының фирмалық стильдерін әзірлеуге, бухгалтерлік есептерін жүргізуге, компьютерлік бағдарламаларды орнатуға және жаңартуға, мәліметтер базасын әзірлеуге, сауалнама мен сұрақ-жауаптарды талдауға, сондай-ақ сайтқа ұйымдардың есептерін аударуға ат салысты. Сонымен қатар Counterpart International, American Councils және Америка Елшілігіне техникалық қолдау көрсетті.

Қордың стипендиаттары келесідей оқу орындары мен оның бөлімшелері тарапынан жүргізілген іс-шараларға қатысты: Халықаралық Бизнес Академиясының Мәдениет аралық коммуникация бөлімі, Халықаралық Бизнес Университеті, «SIFE» (ХБА) командасы, AIESEC, ХБА кітапханасы, ҚМЭБИ мәдениет және спорт Комитеті, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Алматы қаласындағы (Бағанашыл ш.а), Талғар қаласындағы балалар үйінің тәрбиеленушілеріне («Нұр», «Ковчег»), сондай-ақ Алматы қаласындағы «Үміт», №2, №8 балалар үйлеріне, Алматы қаласындағы қарттар үйіне қайырымдылық акцияларын өткізілді, сонымен қатар «Наурыз», «Жаңа жылды» қарсы алу, «Білім» және «Халықаралық қарттар күніне» орай түрлі іс-шаралар жүргізілді. Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған шаралар олардың ішкі әлеуеттерін ашуға, өз-өздерін бағалауға және маңыздылықтарын көтермелеуге бағытталған. Қарт адамдар қамқорлықты және жылулықты сезініп, өскелең ұрпаққа алғыстарын білдірді.

Оқу кезеңінде шетелде білім бағдарламалары бойынша оқыған жастарымыз: Исмағұлова Әйгерім, Бегалиева Ақерке және Паланханчиди Диана өздерінің еріктілік инициативаларын IBS университетінде, Будапешт (Венгрия) қаласында, Стокгольм экономика мектебінде, Рига (Латвия) қаласында және Лейк-Джордж қаласында, сондай-ақ Work&Travel бағдарламасы бойынша Нью-Йорк штатында (АҚШ) өткізді. Пирогова Анастасия Талас облысындағы (Қырғызстан) орталықты қайта жөндеуге бағытталған «Аяр Бала» оңтайландыру орталығындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жобаларға ат салысты.

Біздің стипендиаттардың қолға алынған «Art Plant» жобасы ірі және қызықты идеяға айналады деген күтілім бар. Жобаның мақсаты – балалар үйінің тәрбиеленушілерінің шығармашылық дағдыларын қалыптастыра келе, олардың ішкі қорқыныш-үрейлері мен кедергілеріне төтеп беруге, ішкі әлеуеттерін ашуға ықпал етуге бағытталған. Бүгінгі күні жоба дайындық үстінде: шығармашылық дағдыларға ие еріктілерді еліктіру, жобаның басталуы жөнінде хабарландыру және интернаттық мекемелермен келісім жүргізу сияқты жоспарлы әрекеттер жасалынууда. 2013 жылдың наурыз айында жоба іске аспақшы.

3. Кентау қаласындағы атаулы шәкіртақы Бағдарламасы

Атаулы шәкіртақы бағдарламасы Кентау қаласындағы (ОҚО) А.Ю.Гагарин атындағы №16 мектеп-лицей оқушыларының көшбасшылық әлеуеттерін дамытуға негізделінген. Осы жылы шәкіртақыға үміткерлерді күндізгі бағалау формасы жүргізілді. Іріктеу кезінде байқау эссенің маңыздылығына, оның тақырыпқа сәйкестілігі, балалардың сауаттылығы, сондай-ақ академиялық үлгірімі, пәндік олимпиадағы жетістіктері мен мектептен тыс іс-әрекеттеріне баса назар аударылды, ал әңгіме жүргізу байқаудың қорытынды кезеңі болды. 2012 жылы лицейдегі ең үздік үміткерлер Ержан Тәтiшев атындағы шәкіртақының жеңімпаздары атанды: Шамсутдинова Татьяна - 11 А сыныбы, Абдрахманова Карина - 10 А сыныбы, Ксениди Анастасия - 11 А сыныбы, Богоутдинов Рауф - 9 А сыныбы, Савченко Валентина - 10 А сыныбы, Фотиади Константин - 9 А сыныбы, Абибулла Бақдәулет - 11 А сыныбы, Ибадулла Үмітгүл - 8 А сыныбы.

Аталмыш лицейге берілген көптеген алғыс хаттар мен құрмет грамоталар лицейдің өз аймағында ең үздік оқу орындарының бірі екендігін дәлелдейді. 50 түлектерінің ішінен 34 мектеп түлектері Ұлттық Бірыңғай тестілеуден өтті, оның 17-сі мемлекеттік білім гранттарына ие болды: 14 – жоғары оқу орындарына, ал 3 арнайы-орта оқу орындарына жолдама алды. Оның қатарына Еуразия ұлттық университеті, Санкт-Петербургтік мемлекеттік технология және дизайн университеті, Ақтөбе мемлекеттік институты, Атыраулық мұнай және газ институты, Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжі, Якут политехникалық колледжі кірді. 17 түлектер колледжерге түсті, оның 16 – ы университеттің ақылы бөлімінде білім алуда.

4. Қаржылай есеп

2012 жылы жоспарланған 62 760 000 теңге қаржысынан жыл соңында Қордың нақты жалпы шығындары 60 135 943, 77 теңгені құрады, оның 44 млн.теңге Қордың бағдарламалық іс-әрекеттеріне жұмсалды.

Қордың профильдік іс-әрекеттері пайыздық көрсеткішпен келесідей көрініске ие болды: білім гранттары - 54,23%, қайырымдылық бағдарламалары - 40,57%, бағдарламаларды қолдау - 3,54%, Кентау қаласындағы жастар инициативасын қолдау - 1,18% және көшбасшылықты дамыту - 0,48%.

